



ЕСІРТКІГЕ ЕЛІТКЕНДЕР

9-БЕТ | САРАПТАМА



АРБАУҒА ТҮСІП ҚАЛМА!

10-БЕТ | МӘСЕЛЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Сондықтан білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен толық қамтамасыз ету өте маңызды. Алайда қазір мектептерімізде мамандар тапшы. Бүгінде елімізде 5 мың педагог жетіспейді. Бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып келеді. Ал педагогика саласында оқыған әрбір бесінші түлек өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Бұған қоса, мұғалімдердің 23 пайызында ғана жоғары біліктілік санаты бар. Мұның бәрі педагогтарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру тәсілдерін түбегейлі өзгертуді қажет етеді.

№119
(4552)
Сенбі
7 қазан
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АСТАНАЛЫҚ – АЗИАДА ЧЕМПИОНЫ

Астана қаласының спортшысы Нұржан Батырбеков Азия ойындарының чемпионы атанды.



Джиу-джитсу бәсекесінде 69 келі салмақта сынға түскен Нұржан Батырбеков финалдық жекпе-жекте Біріккен Араб Әмірлігінің спортшысы Мұхаммед әл-Суваидиді 4:2 есебімен тізе бүктірді. Ол финалға дейін Оңтүстік Корея, Сауд Арабиясы және Тәжікстан спортшыларын жеңді.

Қазақстан ұлттық құрамасы қоржынында әзірге 9 алтын, 18 күміс, 41 қола медаль бар. Жалпыкомандалық есепте 10-орында тұрмыз.

АҚПАРАТТЫ АҒЫЛШЫНША ТАРАТАДЫ

Silk Way арнасында Қазақстан мен Орталық Азиядағы өзекті саяси, экономикалық, мәдени және спорт жаңалықтарды ағылшын тілінде тарататын New Time бағдарламасы ашылды.

Жаңа ақпараттық-сараптамалық бағдарлама әлемнің 118 еліндегі халықаралық аудиторияға арналған. Бағдарлама контенті шетелдік көрермендердің Орталық Азияда болып жатқан оқиғаларға деген қызығушылығының артуына байланысты жасақталды. New Time – Jibek Joly телеарнасын көрсетілетін «Жаңа Уақыт» және «Новое Время» ақпараттық-сараптамалық бағдарламаларының ағылшын тіліндегі нұсқасы.

Silk Way арнасындағы жаңа бағдарламаны көрермендер апта сайын әр жұма күні Астана уақытымен түнгі сағат 00:00-де көре алады. Ал Қазақстанда бағдарлама телеарнаның сайты мен әлеуметтік желідегі ресми парақшаларында тікелей эфирде көрсетіледі.



МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін мұғалімге жаңадан тағайындалған «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын берді. Жоғары марапатқа Астана қаласындағы Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейінің мұғалімі Айгүл Ержанова да ие болды.



АВТОТҰРАҚТЫ ТЕГІН ПАЙДАЛАНА АЛАСЫЗ

1 қазаннан бастап ақылы автотұрақтар орналасқан үйлердің тұрғындары оларды тегін пайдалана алады.

«Астананың тұрақ кеңістігі» ЖШС мәліметінше, бұл шешім қаланы тұрғындар үшін барынша ыңғайлы етуге арналған. Ал осыған дейін абонемент құны айына 1500 теңге болған.

Уақытты үнемдегісі келетін жүргізушілер үшін абонемент беріледі. Абонемент иелері ақылы аймақта төлемсіз қоя алады, яғни автоматты тіркеу жүйесі қолданыстағы абонементтің бар-жоғын анықтайды. Абонементтер жеке және заңды

тұлғалар үшін де ұсынылады.

Автотұрақ аймақтарының тізімі және олардың мекенжайы astanapark.kz сайтының «резиденттер» бөлімінде көрсетілген. Резиденттік абонементті ресімдеу үшін сайтқа тіркеліп, онлайн-өтініш беру қажет.

Еске сала кетейік, Астана қаласында 1 қазаннан бастап демалыс және мереке күндері де автотұрақ ақылы болды. Мұндай шешім көшелердің өткізу қабілетін тұрақты негізде арттыру мақсатында қабылданды.

7-8 ҚАЗАНДА

Қазақ өнер университетінің «Шабыт» сарайы алдындағы алаңда Абай және Павлодар облыстарының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі өтеді. Тауар өндірушілер ет пен балық жарма мен сүт, көкөніс пен жемістің түр-түрін ұсынады.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 503.51 \$ USD/KZT 474.47 ₰ RUB/KZT 4.88 ¥ CNY/KZT 64.99

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№119 (4552) 07/10/2023 Сенбі

ПЕДАГОГИКАҒА ЖАҢА КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға және беделін арттыруға мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлініп жатқанына назар аударды.

«Менің бастамамен 2019 жылы «Педагог мәртебесі туралы» жеке заң қабылданды. Соңғы төрт жылда ұстаздардың жалақысы 2 есе өсті. Жақында балабақша тәрбиешілерінің айлығы 30 пайызға көбейді. Ұстаздардың еңбек демалысы ұзартылды. Мұғалімнің міндетіне кірмейтін артық жұмыстың бәрі алынып тасталды. Ұстаздардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне баса мән беріліп жатыр. «Болашақ» бағдарламасымен үш жылда 220-ға жуық педагог шетелде оқып келді. Мұғалім мамандығын таңдаған жастарға қойылатын талап күшейді. Осы саладағы студенттердің стипендиясы 2,5 есе көбейді. Бір сөзбен айтқанда, біз, ең алдымен, білікті ұстаз даярлау ісіне айрықша мән беріп отырмыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, бүгінде педагогика саласы ғылымның ең маңызды тармағының біріне айналды. Сондықтан бұл салаға түбегейлі жаңа көзқарас қажет. Осы ретте Президент білім беру саласына қатысты бірқатар маңызды мәселеге тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаздардың біліктілігін арттыру қажет екенін атап өтті. Мемлекет басшысы педагогтердің бүгінде тек пәнді ғана үйретіп қоймайтынын, сондай-ақ балалардың әлеуметтік дағдылары мен эмоциялық интеллектісін дамытуға ықпал ететінін айтты. Осынау жоғары атқа лайық болу үшін мұғалімдер әрдайым кәсіби тұрғыдан дамып, өзгерістерге дайын болуға тиіс.

«Педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Сондықтан білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен толық қамтамасыз ету өте маңызды. Алайда қазір мектептерімізде мамандар тапшы. Бүгінде елімізде 5 мың педагог жетіспейді. Бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып келеді. Ал педагогика саласында оқыған әрбір бесінші түлек өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Бұған қоса мұғалімдердің 23 пайызында ғана жоғары біліктілік санаты бар. Мұның бәрі педагогтерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру тәсілдерін түбегейлі өзгертуді қажет етеді. Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық мамандықтарға қатысты бағдарламалардың басым бөлігі заман талабын ескермейтін бұрынғы әдістемелерге негізделген. Заманауи тәсілдер мен технологияны енгізе отырып, оқу бағдарламаларын қайта қарау, жаңғырту қажет» деді Президент.

ӘР АЗАМАТ ҰЗДІКСІЗ ОҚУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы балалардың уақыт талабына сай озық білім алуы қажет екенін екінші маңызды мәселе ретінде атап өтті.

«Ғалымдар 2050 жылға қарай қазіргі кәсіптердің жартысына жуығын цифрлық және техникалық жүйелер алмастырады деген болжам айтауда. Сондықтан азаматтарымыз жаңа заманға қажетті дағдыларды үйренуі керек. Бұл – өте маңызды міндет. Бұрын «алған дипломың өмір бойы азық бо-



ПЕДАГОГ ҰЛТ САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық педагогтер съезіне қатысты. Президент, ең алдымен, жиынға қатысушыларды Ұстаздар күнімен құттықтап, еліміздің болашағы жарқын, дамыған мемлекетке айналуы үшін мұғалімдер қауымы аянбай еңбек етіп жүргенін атап өтті. «Ахмет Байтұрсынұлы «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» деген. Ұлт ұстазының бұл сөзі қашанда орынды. Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет. Сондықтан ұстаздар қауымына, яғни сіздерге зор жауапкершілік жүктеледі» деді Мемлекет басшысы.

лады» деген түсінік бар еді. Енді оның орнын «Өмір бойы оқы және үйрен» деген қағида басуы керек. Қазір жұмыс берушілер үшін ең бастысы диплом немесе сертификат емес. Олар іздене білетін, жаңа талапқа икемделе алатын, тәртіпті және ұқыпты жас мамандарды бағалайды. Яғни қызметкердің қолындағы қағазға емес, қарым-қабілетіне мән береді. Сондықтан әр азамат үздіксіз оқуы керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҮШ АУЫСЫМДЫҚ ОҚУДАН ҚҰТЫЛАМЫЗ

Президент айрықша тоқталған өзекті мәселенің бірі – мектептегі орын тапшылығы. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, елімізде жыл сайын 400 мыңнан астам бала дүниеге келеді. Бұл, әрине, қуантарлық жайт. Алайда демографияның өсу қарқыны білім беру жүйесіне үлкен салмақ түсіреді.

«Тәуелсіздік жылдарында елімізде 2300-ге жуық мектеп салынды. Соның нәтижесінде төрт ауысыммен оқытудан арылды. Дегенмен «үш ауысыммен» оқу жүйесі әлі күнге дейін бар. Көптеген мектептің техникалық жабдығы ескірген. Осы мәселенің бәрін жоспарлы түрде шешуіміз қажет. Менің бастамамен елімізде «Жайлы мектеп» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Екі жылдың ішінде барлық аймақта, соның ішінде ауылдық жерлерде жүздеген білім ордасы салынады. Соның арқасында үш ауысыммен оқытудан біржола құтыламыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жақында еліміздің кәсіпкерлерімен кездесу барысында қайырымдылық ретінде облыстарда, қалаларда мектеп салу мәселесін қозғағанын жеткізді. Бұдан бөлек, сыбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартылғандар-

дың заңсыз тапқан қаржысы мектеп салуға жұмсалып жатыр. Қазірдің өзінде 13 мектеп салынды. Жыл соңына дейін тағы да 33 мектеп бой көтереді.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАТАҢ ШАРА ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев мектепті ең қауіпсіз орынға айналдырудың, білім ошақ-

тарының бәріне дабыл қағу, бейнебақылау жүйесін орнатудың маңызды екенін тағы да еске салды. Мектеп оқушылары арасында белең алған буллинг, әлімжеттік, зорлық-зомбылық көрсету проблемасы да Президент назарынан тыс қалмады.

«Мен Президент Әкімшілігіне қылмыс жасағандарды заң жүзінде жазалау үшін осындай жағдайлардың бәрін айрықша бақылауға алуды тапсырдым.

Мұндай адамдарға басқа айтар сөзім жоқ. Ішкі істер министрлігі, Бас прокуратура балалардың қауіпсіздігіне қатысты өздеріне жүктелген міндетті дұрыс атқаруға тиіс. Бала құқықтары жөніндегі омбудсмен мұндай жағдайлардың бәрін тіркеп, маған баяндауы қажет. Қатаң шара қолданамыз. Мектептерде зорлық-зомбылық жасаушыларды басқа жолмен тоқтату мүмкін емес. Білім ошақтарында қылмыстық психологияның таралуы секілді келеңсіздікті түбірімен жою керек» деді Мемлекет басшысы.

ИНТЕРНЕТІ ЖОҚ МЕКТЕП ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Президент айрықша тоқталған тағы бір маңызды міндет – қала мен ауыл мектептеріндегі білім сапасының теңсіздігін жою. Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл мектептерін зияткерлік, сондай-ақ қоғамдық орталық ретінде дамыту маңызды екенін айтты.

– «Мектебі бар ауылда тіршілік бар» деп бекер айтылмаған. Мектеп бірнеше әлеуметтік нысанның рөлін атқарады. Онда қоғамдық жиындар, мәдени іс-шаралар, спорт сайыстары өтеді. Ауыл мектебі жергілікті жұртты ортақ іске жұмылдырады. Осы орайда кәсіпкерлер қауымына да зор міндет жүктеледі. Қазір мемлекет пен бизнестің серіктестігі арқылы ауыл мектебін жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Осы тәсілмен үш жылдың ішінде кем дегенде бір мың ауыл мектебін керек-жарақпен толық жабдықтау қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру үдерісін цифрландыру қарқынын жеделдету қажет екенін атап өтті. Өйткені цифрлық шешімдер озық педагогикалық тәжірибені

тез әрі тиімді түрде кеңінен таратуға мүмкіндік береді. Сол арқылы, тіпті, шалғай аудандардағы оқушыларды еліміздің және әлемнің үздік ұстаздарының материалдарымен, сабақтарымен қамтамасыз етуге болады.

«Ауыл мектептерін жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз ету – Цифрлық даму министрлігіне де, облыс әкімдеріне де жүктелетін жауапкершілік. Алты айдан кейін берілген тапсырманың орындалуын тексеремін. Жалпы, білім беру жүйесін мүлде жаңа деңгейге шығару үшін ауқымды цифрлық трансформациялау жұмыстарын жүргізуіміз керек. Ең алдымен, 2027 жылға дейін интернет желісі әлі тартылмаған мектептердің бәрін жылдамдығы жоғары интернетке қосу қажет» деді Мемлекет басшысы.

МЕКТЕП – ЕҢ АЛДЫМЕН БІЛІМ ОРДАСЫ

Президенттің айтуынша, оқушыларға озық біліммен қатар өнегелі тәрбие беру керек. Мемлекеттің тірегі – адал азаматтар. Елімізде осы қағидаға негізделген жаңа қоғамдық этика орнығуға тиіс. Мектеп ізгілік қағидаларын, адамзатқа ортақ құндылықтарды балалардың бойына сіңіретін орталыққа айналуы керек. Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, Қазақстан Конституция бойынша зайырлы мемлекет екеніне назар аударды. Сондай-ақ қоғамда қызу пікірталасқа ұласқан дін мәселесіне байланысты пікір білдірді.

«Бұл қағида барлық жерде, соның ішінде білім беру мекемелерінде қатаң сақталуға тиіс. Мектеп – ең алдымен, білім ордасы. Балалар мектепке білім алу үшін барады. Ал діни ұстаным – әр азаматтың жеке мәселесі, өз таңдауы. Елімізде дін бостандығына заңмен кепілдік берілген. Балаларымыз есейіп, дүниетанымы толық қалыптасқан соң өз таңдауын жасағаны дұрыс деп санаймын. Ең бастысы, көзқарасы айқын, санасы сергек әрі дәстүрге берік ұрпақ тәрбиелеу керек» деп түйіндеді сөзін Президент.

Жиын барысында Астана қаласындағы және өңірлердегі мектептер мен колледждерде еңбек ететін ұстаздар сөз сөйлеп, білім саласын дамыту жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды. Сонымен қатар Мемлекет басшысы аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бірқатар мұғалімге «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын берді. Аталған марапат еңбек ардагері Майра Мәмбетоваға (Алматы қаласы), Қожаберген жырау атындағы орта мектеп мұғалімі Айжан Қалезоваға (Петропавл қаласы), С.Әбдіжаппаров атындағы жалпы орта мектеп-интернатының мұғалімі Роза Салимоваға (Түркістан облысы), А.Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназия мұғалімі Сәбира Күлпейісоваға (Қарағанды қаласы), академик Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешенінің мұғалімі Сәбит Ибадуллинге (Павлодар облысы), Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейінің мұғалімі Айгүл Ержановаға (Астана қаласы), Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатының мұғалімі Баян Базарғалиеваға салтанатты түрде табысталды.

Президент тапсырмалары

АЙТЫЛДЫ:

«ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАСЫНДА МҰҒАЛІМДЕРДІ КЕШЕНДІ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ҚАРАСТЫРУ КЕРЕК».

- Мұғалімдердің жүктемесін қысқарту;
- Абыройы мен беделін қорғауға кепілдік беру және материалдық түрғыдан ынталандыру;
- Сынып жетекшілігі мен дәптер тексергені үшін үстемеақыны екі есе көбейту;
- Барлық педагогтің еңбек демалысын 56 күнге дейін ұзарту.

«Білім және Сәулет» атты тамыз конференциясында сөйлеген сөзі, 16.08.2019 жыл.

ОРЫНДАЛДЫ:

- Менің бастамамен 2019 жылы «Педагог мәртебесі туралы» жеке заң қабылданды;
- Соңғы төрт жылда ұстаздардың жалақысы 2 есе өсті;
- Ұстаздардың еңбек демалысы ұзартылды (56 күнге дейін);
- Мұғалімнің міндетіне кірмейтін артық жұмыстың бәрі алынып тасталды.

Республикалық педагогтер съезінде сөйлеген сөзі, 05.10.2023 жыл.



СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

«Ақорда» резиденциясында он төрт мемлекеттің төтенше және өкілетті елшілерінің Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Швейцария Конфедерациясының елшісі Салман Бал, Литва Республикасының елшісі Эгидиус Навикас, Чех Республикасының елшісі Павол Шепеляк, Үндістан Республикасының елшісі Нагендра Прасад, Иордания Хашимит Корольдігінің елшісі Хамза Махмуд Юсеф Эл-Омари, Нидерланд Корольдігінің елшісі Николаас Якоб Схермерс, Қасиетті Тақтың Қазақстандағы апостолдық нунциі Джордж Джордж Панамтундид, Словения Республикасының елшісі Дарья Бавдаж Курет, Уганда Республикасының елшісі Мозес Каваалуко Кизиге, Гана Республикасының елшісі Лесли Ача Опоку-Уаре, Шығыс Уругвай Республикасының елшісі Даниель Рубен Кастильос Гомес, Эфиопия Федеративтік Демократиялық

Республикасының елшісі Адем Мұхаммед Махмуд, Дания Корольдігінің елшісі Якоб Хеннингсен, Непал Федеративтік Демократиялық Республикасының елшісі Милан Радж Туладхар тапсырды.

Мемлекет басшысы дипломаттарға еліміз БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына негізделген әділетті әлем орнату тәртібін жақтайтынын айтты.

– Қазақстан елдің қауіпсіздігі мен орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған бейбіт сыртқы саясат жүргізеді. Біз сіздердің мемлекеттеріңізбен өзара тиімді, достық қарым-қатынастарды кеңейтуге және нығайтуға мүдделіміз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның экономикалық даму тұрғысынан келешегі зор екенін,

елімізді әлемдік экономиканың маңызды бөлігіне айналдыру үшін барлық мүмкіндікті жасайтынын атап өтті.

– Еліміз – Орталық Азия өңіріндегі экономикасы ең дамыған мемлекет. Бірақ біз мұнымен тоқтап қалмаймыз. Экономикамызды одан әрі орнықты дамыту үшін бар күш-жігерімізді жұмсаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент салтанатты рәсім соңында елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссиясының ресми түрде басталуымен құттықтап, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту ісінде табыс тіледі. Қасым-Жомарт Тоқаев сенім грамоталарын тапсырған елшілер мемлекеттерінің басшыларына ізгі тілегі мен сәлемін жолдады.

МАҢЫЗДЫ ЗАҢДЫ МАҚҰЛДАДЫ

Сенат спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда сенаторлар бірқатар заңды мақұлдады және депутаттық сауалдарын жолдады. Отырыс барысында Палата депутаттары «Түркі инвестициялық қорын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарады.

Сенат төрағасы атап өткендей, бұл құжаттың нормалары келісімге қатысушы мемлекеттердің экономикалық дамуына ықпал етуді көздейді.

«Ратификацияланған келісімнің негізінде арнайы инвестициялық қор құрылып отыр. Ол түркітілдес мемлекеттерде инфрақұрылымдық, өнеркәсіптік, сондай-ақ, шағын және орта бизнес жобаларын қаржыландырады. Алдағы уақытта осы заң Түркі мемлекеттері ұйы-

мына мүше бауырлас елдер арасындағы экономикалық қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға оң әсерін тигізеді деп сенеміз» деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ келісімді ратификациялау Қазақстанға экономиканың басым секторларындағы жобаларды қаржыландыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, шағын және орта бизнесті одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

Палата отырысында депутаттар «Қазақстан

Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы тараптар мемлекеттерінің азаматтарына қатысты ақпарат алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды да қарап, мақұлдады. Нұрлан Бекназаров аз қамтылған отбасылардағы оқушыларды тамақпен және мектеп формасымен қамтамасыз ету мәселелеріне алаңдаушылық білдіріп, тиісті заңнамаға түзетулер енгізуді ұсынды.



ҮЗДІК ҰСТАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Мектептер мен колледждердің үздік ұстаздары «Құрметті педагог» медалімен және 1 миллион теңгенің сертификатымен марапатталды. Қаланың үш білім беру ұйымына (мектеп, балабақша, колледж) «Үздік білім беру ұйымы» атағы және 10 миллион теңгенің сертификаты тапсырылды. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



«Ұстаздарымызға, ұстаздық жолда еңбегі сіңген ардагерлерімізге және білім беру саласының өзге де қызметкерлеріне арнап мерекелік концерт ұйымдастырып, еңбегін атап өттік. Мектептер мен колледждердің үздік ұстаздары «Құрметті педагог» медалімен және 1 миллион теңгенің сертификатымен марапатталды. Қаланың үш білім беру ұйымына (мектеп, балабақша, колледж) «Үздік білім беру ұйымы» атағы және 10 миллион теңгенің сертификаты тапсырылды» деді шаһар басшысы Жеңіс Қасымбек.

Әкім ұстаздың еңбегі әрқашан бағалы екеніне тоқталды.

«Мұғалімдер балаларға білім

беріп қана қоймай, қабілетін беріп анықтап, өмірден өз жолын табуына жәрдем береді. Педагогтардың кәсібилігі мен өз ісіне деген жанашырлығының арқасында білімді жандардың бірнеше буыны қалыптасты» деді ол.

Әкім Мемлекет басшысының ұстаздар қауымына жағдай жасауға және қолдау көрсетуге ерекше назар аударатынын қадап айтты: педагогтардың жалақысы едәуір артты, біліктілікті арттыру бойынша түрлі бағдарлама енгізілді, тұрғын үй сертификаты, жоғары оқу орындарына білім гранты бөлініп жатыр және тағы басқа қолдау түрлері бар.

«Біз өз тарапымыздан мектепке қажетті инфрақұрылым салу

жұмысын жалғастырамыз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша елордада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асып жатыр. 2023 жылға дейін бас-аяғы 180 мыңға жуық оқушы орнына арналған 65 мектеп салуды жоспарлап отырмыз. Бұл іс-шаралар мектептердің шамадан тыс жүктемесін реттеп қана қоймай, болашақта орын тапшылығы мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік береді.

Құрметті педагогтар! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс және бақ-береке тілеймін!» деді Жеңіс Қасымбек.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚЫМБАТТАЙ МА?

Үкіметте Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте биылғы жылдың 9 айындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің баға жағдайы мен алдағы маусымаралық кезеңдегі тәуекелдер талқыланды.

Ауылшаруашылық жылы қабылданған шаралар оң нәтиже берді: әлеуметтік азық-түлік тобының бағасы тұрақтандырылып, былтырмен салыстырғанда Қазақстанда азық-түлік инфляциясының өсу қарқыны 3 есе төмендеді. 2023 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша азық-түлік инфляциясы 6,2% құрады (2022 жылғы 9 айда 19,5%). Осы уақыт аралығында ӘМАТ бағасының индексі 3,1% құрады (2022 жылғы 9 айда 19,5%), 6 есе төмендеді.

Қант саласын қолдау, күнбағыс майын өндіру және тұрақтандыру қорларында көкөніс қорларын қалыптастыру бойынша қабылданған жүйелі шаралар да оң нәтиже берді. Десе де қазір ішкі нарықта үн өнімдерінің қымбаттау қаупі бар. Қыркүйек айының ортасында астық нарығының конъюктурасының өзгеруіне байланысты жекелеген өңірлерде бидай бағасының өсуі байқалады. Бағаның өсуіне бірнеше фактор себеп болды: күн райының қолайсыздығы, отандық астық өңдеушілерге Ресейден жеткізілетін астықты тасымалдауға вагондардың жетіспеушілігі.

«Астық бағасының көтерілуі нәтижесінде 13 өңірде

ұн бағасы өсті» деп мәлімдеді СИМ Сауда комитетінің төрағасы Айдар Әбілдабаев. 27 қыркүйек күні Сауда және интеграция министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігі, Азық-түлік корпорациясы, ҚТЖ және өкімдіктермен бірлесіп, Азық-түлік корпорациясының арзандатылған астығын өңірлерге жедел жеткізу және оны өңірлердегі үн өндіруші операторларға беру үшін шұғыл шаралар әзірледі. Бірақ түрлі себепке байланысты процесс ұзаққа созылды және бүгінгі таңда тек Түркістан облысына арзандатылған астық толық жеткізілді. Серік Жұманғарин барлық өңірде бұл мәселені жедел пысықтап, шешуді тапсырды. Қант зауыттарын қаржыландыру шарттарын ұзартуға ерекше назар аударылды. Бүгінгі таңда тек 2 өңірде – Абай және Ақмола облыстарында жұмыстар жүргізілген. Вице-премьер бұл мәселені жедел пысықтап, жұмыстарды қысқа мерзімде аяқтауды тапсырды.

Өңірлердің тұрақтандыру қорларындағы көкөніс қоры туралы ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков баяндады. Ол 14 қыркүйекте Жамбыл облысында өткен үлкен пияз жәр-

меңесінен кейін барлық өңір өз қорларындағы маусымдық қажеттілікті 100%-ға дейін қамтамасыз еткенін атап өтті. Қырыққабат бойынша 6 өңірде, қартоп бойынша 2 өңірде және сәбіз бойынша 1 өңірде келісімшарттар көлемі ұсынылған көлемнен төмен.

Жаз маусымында Қызылорда облысында күріш жәрмеңкесі өтсе де, тек 5 облыс қана маусымдық сұраныс деңгейінде қорын қалыптастырған. Отандық күріштің қолжетімді бағасын (келісіне 400 теңге шегінде) және көршілес елдерде бұл өнімге сұраныстың жоғары екенін ескере отырып, Серік Жұманғарин өңірлерге аталған өнім бойынша келісімшарт жасауды қажетті деңгейге жеткізуді тапсырды.

Кеңес қорытындысы бойынша ҚТЖ-ға Қазақстан ішінде әлеуметтік маңызы таңда тек 2 өңірде – Абай және Ақмола облыстарында жұмыстар жүргізілген. Вице-премьер бұл мәселені жедел пысықтап, жұмыстарды қысқа мерзімде аяқтауды тапсырды. Өңірлердің тұрақтандыру қорларындағы көкөніс қоры туралы ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков баяндады. Ол 14 қыркүйекте Жамбыл облысында өткен үлкен пияз жәр-

№119 (4552) 07/10/2023 Сенбі

Бас қалада жылыту маусымы басталды. Бұл – аязды, суық күндері бес-алты айға созылатын шаһар үшін үлкен оқиға. Астана қаласының Қоғамдық кеңес мүшелері жылу электр орталықтарына (ЖЭО) арнайы барып, қысқы жылытуға дайындығын білді.

ҚЫСҚЫ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН

**Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ**

Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Марсель Ұзақов жол бастаса, Қоғамдық кеңес төрағасы Зулфухар Гаипов және мүшелері Рамзия Өмербаева, Юсуп Келигов, Анатолий Лян, Төлеген Күнәділов стратегиялық нысандардың жұмысымен танысты.

Делегация мүшелерінің бірінші объектісі 3-ЖЭО болды. Елорданың әкімшілік-территориялық ауқымы кеңейіп, көпқабатты тұрғын үйлер көптеп бой көтеруге байланысты 1-ЖЭО, 2-ЖЭО-ға қосымша жылу электр орталығы қажет болды. Соған байланысты 2011 жылы жылыту кешенінің құрылысы басталған-ды. Биыл орталықтың ыстық су қазандығы, бірінші көтергіштің сорғысы, 110 киловольттық сыртқы тарату құрылысы, су тазарту қондырғысы, электрофильтрлер және тағы басқасы қысқы науқанға дайын.

Қоғамдық кеңес мүшелері кадрлар жеткілікті ме, жұмысшыларға қандай жағдай жасалғаны туралы сұрады. 3-ЖЭО директоры Константин Селезнев жалпы 127 штат қаралғанын, қазір 93 адам жұмыс істеп жатқанын, сыртқы жұмыс толық аяқталғанын, жұмысшылар күнделікті және вахталы әдіспен жұмыс істейтінін айтты.

Одан кейін делегация 2-ЖЭО-ға барып, кезекті жылыту маусымы сәтті



басталғанын сөз етті. Ал жылыту кешенінің директоры Уәлихан Асқарбеков елордаға жылыту энергиясын беруді бастағанын, 1083 адам ауысым бойынша 24 сағат үздіксіз жұмыс істейтінін жеткізді.

– Астана қаласының жылу-энергетика кешендерінің жұмысымен таныстық. Бізді 3-ЖЭО-ның пайдалануға берілгені

қуантып отыр. Бұл станцияның іске қосылғаны келешекте жылу энергиясына деген ташпылықты шешеді. Орталықтарда қандай мәселе бар, қандай бағытта көмек керек, біздің мақсатымыз – осыны анықтап, шешілуіне ықпал ету, – деді Қоғамдық кеңес төрағасы Зулфухар Гаипов.

АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАР ТЕКСЕРІЛДІ

Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімінің орынбасары Ришат Тұрдыбеков қысқы мезгілге арнайы техникалардың дайындық жұмысын тексерді.



Қыста осы аудан бойынша қар жинауға әр ауысымда орта есеппен 160 арнайы техника жұмылдырылады. Оның ішінде 5 күреу техникасы, 11 грейдер, 56 камаз, 21 сыпырғыш, 6 құм таратқыш, 15 МТЗ, 8 МКСМ, 18 тиегіш және 360-тан астам жол жұмысшысы бар. Сондай-ақ орамшылқ аумақты тазалау үшін 15 камаз, 10 фронталды тиегіш, 5 МТЗ осы жұмысқа тартылады.

Алдағы қыста пайдаланатын арнайы техниканың дайындығын тексерген Р.Тұрдыбеков өндіріс базасындағы қар тазалайтын және басқа да мамандандырылған техникалардың саны мен сапасы және қосымша дайындығы бойынша мердігер ұйым басшылары мен жауапты мамандарға бірқатар тапсырма берді.

ҮЗДІК ОТБАСЫ ҮКІЛЕНДІ

Елордада «Үздік отбасы-2023» байқауының жеңімпаздары марапатталды. Аталған байқауға 50-ден астам отбасы өтінім берген. Олардың ішінен 10 отбасы жүзден жүйрік шығып, финалда бақ сынады.

Іріктелген финалистер – түрлі мамандық иесі, көп баланың атанасы, қоғамдық жұмыс белсенділері. Сондықтан арасынан үздігін анықтау

қазылар алқасына да оңай соқпағаны анық.

Байқаудың қорытынды кезеңінде «Ең үздік жас отбасы» атағы үшін

сайыскерлер үш тапсырма орындады. Алғашқыда креативті бейнеролик көрсетілімі мен таныстыруда бақ сынаса, «Талантты отбасыда» өз өнерін көрерменге тарту етті. Ал үшінші кезең ерлі-зайыптының бірі іс-қимылмен сөз жасырып, екіншісі сол сөзді табумен жалғасты. Нәтижесінде барлық тапсырма бойынша жүзден жүйрік шыққан Сәдуақасовтар шаңырағы «Үздік жас отбасы-2023» атанды. Екінші орын Хамитовтар отбасына бұйырса, Қожахметовтер үшінші орынға ие болды.

Байқаудың жалпы жүлде қоры 1 млн 700 мың теңгені құрады. Бірінші орынға – 500 мың теңге, екінші орынға – 350 мың теңге, үшінші орынға – 150 мың теңге және қалған отбасыларға ынталандыру сыйлығы ретінде 100 мың теңгеден берілді.

– Жас отбасыларға қолдау білдіріп, осындай сайыс өткізген ұйымдастырушыларға алғыс білдіреміз. Бастысы – жеңіс емес, отбасындағы ауызбіршілік. Бұл байқау көтеріңкі көңіл күй сыйлады, – деді байқау қатысушы Исабаевтар отбасы.

Айта кетейік, Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен өткен шараның мақсаты – жас отбасы құндылығын түсіндіру, отбасы қатынасын нығайту, дәстүрлі отбасы институтын насихаттау.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІ

**Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Айгүл Тұрғамбайқызы – мектептің бастауыш сынып педагогы, зерттеуші-педагог, тәжірибелі мұғалім. Ұстаздық өтілі 28 жылдан асады, аталған ұжымда 10 жылдан бері еңбек етіп келеді. Қалалық, республикалық жарыстар мен олимпиадалардың жеңімпазы. Іс-тәжірибесін қала, республика көлемінде таратып, республикалық форумда модератор, спикер болған педагог. Салауатты өмір салтын ұстанатын Айгүл Тұрғамбайқызы штанга көтерумен айналысатын спортшы да.

– Жуырда педагогтар арасында өтетін байқауға қатысуға дайындалып жүр. Бойы сергектің ойы сергек. Тіпті қыста әйелмін демей, мектеп ауласындағы қарды да тазалап, нағыз еңбек адамының үлгісін көрсетіп жүр, – деп мектеп директоры Жанар Жұмабекова әріптесі туралы толғана әңгімеледі.

Балаға алғашқы білімді беретін мұғалімнің өмірде де, жұмыста да осылай жинақы жүруі өз нәтижесін берді, биік мәртебеге лайықты деп танылды. Себебі бастауыш сынып педагогы ғылым негізін оқытатын пән мұғалімінен әлдеқайда артық. Ол білім беру, жинақтау ғана емес, баланың бүкіл өміріне бағыт бере алатындай бірталай білім мен дағдыны игеруі тиіс, шығармашыл, белсенді, сондай-ақ балаларды жақсы көруі керек. Бұл қасиеттердің барлығы

да Айгүл Ержанованың бойынан табылды. Мектеп ұжымының ғана емес, еліміздің білім саласының мақтанышы болып отыр. Мұғалім мамандық болса, ұстаздық – адам бойындағы ұлы қасиет. Ұстаз мәртебесінің артуы ең алдымен ұстаз деген есімге қаншалықты лайық болуына байланысты. Марапаттаудан соң әсерімен ол бізбен былай бөлісті.

– Бұл марапат, шынымды айтсам, күтпеген жерден тосынсыз болды. Төбем көкке жеткендей сезініп тұрмын. Мемлекет басшысының мұғалімдердің мәртебесін көтеруі бізге көп міндет жүктейді, сенім ұялатады. Мұғалімнің қоғамдағы орны айқындалып, мәртебесі, шын мәнінде, көтерілді. Білімімізді жетілдіріп, әрі қарай ізденуге зор мүмкіндік беріп отырғанын айтуымыз қажет, – дейді Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы Айгүл Ержанова.

Мектеп туралы қысқаша айтпай өтсек, оқу ордасының іргетасы 2004 жылы қаланған. 2012 және 2016 жылдары білім ошағы «Үздік мектеп» атанып, Астана әкімінің кубогына ие болды. Мектеп Назарбаев зияткерлік мектептерінің тірек мектебі ретінде қаладағы он үздік оқу ордасы қатарында. Мұнда 1926 оқушы білім алса, 127 мұғалім еңбек етеді. Үздік мұғалім – ол кез келген білім беру мекемесінің тірегі. 3 мұғалім «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» медалінің, 3 ұстаз «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің және 1 мұғалім «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің иесі.

Астана қаласы гарнизонына қарайтын 68665 әскери бөлімінде қаладағы жалпы орта білім беретін мектептердегі әскери-патриоттық клуб тәрбиеленушілерінің қатысуымен «Жас сарбаз – патриоттар мекені» атты күзгі әскери-патриоттық ойындары өтті.

ЖАС САРБАЗДАР ЖАРЫСТЫ



**Индра
БЕРЖАНОВА**

Күзгі әскери-патриоттық дала жиынына Астана қаласының әкімдігі, қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасы, Қарулы күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы және Астана қаласы Қорғаныс істері департаменті қолдау білдірді. 2018 жылдан бері көктем мен күзде екі мәрте өтетін әскери-патриоттық дала жиыны биыл 5-рет ұйымдастырылды.

Ойындардың ашылу салтанатында сөз алған Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің бастығы Айдын Сағынбеков «Әскери-патриоттық іс-шараның жастарды тәрбиелеудегі маңызы зор. Араларыңызда Отанымыздың болашақ офицерлері мен сарбаздары бар. Патриот жастар – ел дамуының қозғаушы күші» деп атап өтті.

Әскери-патриоттық ойындарда құрмет қарауылы ротасының қо-

йылымы, арнайы жасақ бөлімшесінің қоян-қолтық ұрыс тәсілдері, жауынгерлік қару-жарақ пен техниканың түрлері, сарбаздар орындайтын тапсырмалар көрсетілді.

Күзгі әскери-патриоттық іс-шара 3-5 қазан аралығында өтіп, мұнда жас сарбаздар командалары белтемірге тартыну, автоматты бөлшектеу және құрастыру, арқан тарту, жалпы әскери қорғаныс жиынтығын кию, алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша нормативтерді орындауда жарысты. Сайысқа қаладағы 95 мектеп және 35 колледж арасындағы 150-ге жуық жасөспірім іріктелді.

Үш күнге созылған далалық жиынның қорытындысы бойынша 1-орын – 5-взводқа, 2-орын – 3-взводқа және 3-орын 2-взводқа берілді. Үздік атанған команда келесі жылы өтетін «Айбын» жазғы республикалық әскери-патриоттық жиындарында елорда атынан өнер көрсетеді.



ПРИГОРОДНЫЙ – ӘУЕЖАЙ ІРГЕСІНДЕ

Астананың шет аймақтары жүйелі дамып келеді. Елорда маңындағы елді мекен тұрғындарының тыныс-тіршілігімен танысу үшін біз әуежайға барар жолда орналасқан Пригородный тұрғын алабына ат басын бұрдық. Алдымен Есіл ауданы әкімдігінің бас инспекторы Нариман Орманбаевпен хабарласып, осы ауданның инфрақұрылымымен жақынырақ таныстық.

– Пригородный тұрғын алабында шамамен 15000 адам тұрады. Мұнда 18 көпқабатты ғимарат, оның ішінде екі жатақхана бар. Сондай-ақ алапта №24 бір орта мектеп және «Шипагер» емханасы бар. Азаматтардың қауіпсіздігін полиция пунктінде қызмет атқаратын мамандар қамтамасыз етеді, ал елді мекендегі «Аспан» спорт кешені тұрғындардың дене шынықтырып, спортпен шұғылдануына мүмкіндік береді. Онда балаларға арналған үйірмелер жұмыс істейді. 2024 жылға дейін қала маңындағы сквердің құрылысын аяқтау жоспарланып отыр, – деді бас инспектор.

Біз жолға шыққан күні ауа райы қарайласты. Күн жарқырап, күздің самал желі есіп тұр. Теміржол вокзалынан әуежайға дейін жүретін ең танымал елордалық №10 автобусқа отырып, диттеген жеріме жол тарттым.

ЕЛОРДАДАҒЫ ЕСКІ ЕЛДІ МЕКЕН

Жылы аялдаманы көріп қуанып кеттім. Қала сыртындағы елді мекенде суық және желді күндері тұрғындарға қорған болатын мұндай аялдама бар десе сенбес едім. Аялдамада егде жастағы кісі отыр екен. Әңгімеге тарттым. Жергілікті тұрғын Татьяна Поддубная өзінің тікелей атсалысуымен әкімдікке бірнеше рет барып, жылы аялдаманың керек екенін қайта-қайта талап етудің нәтижесінде осындай павильонға қол жеткізгенін айтты. Осыдан 52

жыл бұрын Ресейден Целиноград қаласына көшіп келген ол басқа да естеліктерімен бөлісті.

Арнасай көшесімен жүріп келеміз. Татьяна Александровна ауыл тарихының бір бөлігіне айналған №125 және №113 үйлер туралы әңгімеледі. Сол кезде қонақ үйлер және жатақханалар болмағандықтан, бұл ғимараттарда ұшқыштар училищесінің, авиациялық-техникалық мектептер мен диспетчерлік қызметтердің студенттері пәтер жалдап тұрды. 1960 жылдары тұрғын алаптың орталығынан монша салынғанын, жақын жерде клуб болғанын, онда жастар демалыс күндері көңілді кештер өткізетінін және сол кезде елді мекенде Балтық, Украина және Ресейден келген адамдардың көп болғанын атап өтті.

– Қазіргі Пригородный тұрғын алабының ескі атауы – Авиакалашық. Ол кездері мұнда әкімшілік ғимараттар болған жоқ, бірақ қазандық қондырғысы мен сорғы станциясы жұмыс істеді. Сорғы станциясы суды резервуарларға айдап, үйлерге су сол арқылы келетін. Ескі мұнара әбден тозды, ол кезінде ауылды ғана емес, күллі әуежайды қамтамасыз ететін, – деді Татьяна Поддубная.

Одақ ыдырағаннан кейін жергілікті тұрғындар бұл жерден ақырындап басқа жаққа қоныс аудара бастады. Алайда Татьяна Александровнаның айтуынша, олар өздерін астананың бір бөлшегіміз деп сезінеді. Елордаға апаратын жол осы шағын ауылдан басталатынын әркез мақтан тұтады.

– Сіз шеткі аймақ туралы мақала дайындап жатырмыз дедіңіз, білесіз бе, біз өзімізді шетте тұрамыз деп есептемейміз. Өйткені бұл жер бір кездері қаланың әуе қақпасы болды, – деді жергілікті тұрғын.

Татьяна Александровнаның ауласына жақындағанда, ескі үстел мен орындыққа, айналасындағы қайың, емен, сирень секілді бұталарға көзім түсті. Бұлардың бәрін ол сонау жылдары, жастау кезінде өз қолымен отырғызғанын, содан бері оларды жас балаша күтіп-баптап келе жатқанын жеткізді. Қаншама еңбек десеңізші!

ҚАЗАНДЫҚТАР ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

– Міне, бұрынғы қазандық. Бұған дейін ол бүкіл ауылға жылу беретін, ол кезде күйе де, шаң да болмайтын. Сенесіз бе, ол кезде қыста қар аппақ болушы еді. Ал қазір ше? Гараждардың артында орналасқан жаңа қазандықта сүзу жүйесі жоқ па, білмеймін, әйтеуір желді күндері шаң мен күйеден көз ашпаймыз. Бар үміт – газдандыруда. Үйімізге газ қосылса, бұл қиындықтан құтыламыз деп үміттеніп отырмыз. Бұл ретте аудан әкімінің қамқорлығын атап өткім келеді. Соңғы кезде тұрғын алап көшелері мен саяжай жолдарына тас төселді. Әкіміміз жергілікті жұртшылықпен жиі кездеседі, түйткілді мәселелерді шешу жолында бірлесіп жұмыс істеп жатырмыз, – деді Татьяна Поддубная.



Василий КРАСЬ

МЕКТЕП АВТОБУСЫМЕН ҚАТЫНАЙДЫ

Байырғы тұрғындармен сөйлесіп болғаннан кейін мен ауыл орталығындағы №24 орта мектепке бардым. Ауалары абаттандырылып, айналасы көгалдандырылған ғимараттың қасында сабақтан шығып, үйіне қайтқан бір топ оқушыны кездестірдім. Бір қуанарлығы, Пригородныйда футбол, баскетбол, волейбол ойнауға ла-

жұмысқа кіріседі. Сондықтан екі ауысымда жұмыс істейміз. Біз әр оқушыны үйіне дейін жеткіземіз. Өткен жылы біраз қиындықты бастан кешірдік. Мектептің жанында көліктің көп болуына байланысты автобус жүргізушілеріне біршама қолайсыздық туындады. Әкімдіктің күшімен биыл бұл мәселе шешіліп, шағын тұрақ орнатылды, осылайша жағдай біршама жақсарып келеді, – деді жүргізуші.

келетін болсақ, жақын жерде «Шипагер» емханасы бар, бірақ онда жалғыз терапевт жұмыс істейді, отыраратын бөлмесі тым кішкентай. Зейнеткерлер арнайы мамандардан кеңес алу үшін Тұран даңғылындағы медицина мекемесіне жолдама алады. Ол жерге тікелей қатынайтын автобус бармағандықтан, екінші көлікке отыруға тура келеді. Негізі, бізге бір аурухана немесе амбулатория қажет. Қала орталығына сабылмас үшін үлкен сауда орталығы да артық етпейді. Өкінішке қарай, тұрғын алапта серуендеуге арналған орындар да жоқ, – деді Қалима апа.

ТҰРҒЫНДАР БІР-БІРІН ЖАЗБАЙ ТАНИДЫ

Көшеде кездескен кісілер бір-бірімен жылы амандасып, хал сұрасып жатты. Бір-бірін бұрыннан танытындары көңіліме қуаныш ұялатты.

Тұрғын алап жолдары тегістелгенмен, мұнда әлі күнге дейін велосипед жолдары жоқ екен. Astana IT University 1-курс студенті Айымгүл қала маңындағы аймақта тұратынына дән риза. Құрдастарымен бос уақытты қалай өткізетінін сұрадым.

– Жазда біз достарымызбен бірге мешітке барып, жаяу серуендеуді жақсы көреміз. Кейде жақын «Мега» сауда орталығына барамыз. Қыста қиындау, әрине. Мәселен, Министрліктер үйіне дейін бір сағат уақыт кетеді, – деді ол.

Есіл ауданы әкімдігінің бас инспекторы Нариман Орманбаев атап өткендей, биыл тұрғындардың өтініші бойынша №51 автобус бағытына өзгеріс енгізіліп, ол «Аспан» спорт кешеніне дейін ұзарды. Қоғамдық көлік қызметі жақсарып келеді.

Шеткі аймақ тұрғындарымен тілдесуден ұққаным: олар өзін толыққанды елордалықпыз деп есептейді. Басты артықшылығы – бұл жерде жайлы әрі қаладағыдай қызу қарбалас жоқ. Тек алдағы уақытта жасыл желек, сквер және заманауи абаттандырылған аула көбейсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ,
Алина ИМАМБАЕВА



йықталған спорт алаңдары көп екен. Тұрғын алаптағы «Абзал», «Сезім», «Елнұр», «ЕРДИ», «Арай», «Ақерке» саяжайларында тұратын оқушыларды мектеп автобусы тасымалдайды.

Сары түсті автобустың жүргізушісі еліміздің оңтүстігінен көшіп келгенін, бұл жерде төрт жылдан бері тұрып жатқанын айтып, өзін Назымбек Ысқақов деп таныстырды.

– Бұл жер қала сияқты. Бізге жетіспейтін жалғыз нәрсе бар, ол – қоғамдық монша. Үлкен сауда орталығы болса артық болмас еді. Бұрын біздегі жолдар кедір-бұдыр болатын, өткен жылы әкімдіктің араласуымен біраз көшенің жөнделгені тұрғындарды қуантты. Өзім балаларды тасымалдайтын автобустың жүргізушісі болғандықтан, жолдардың тегіс болғаны мен үшін аса маңызды. Төрт көшенің балаларын тасымалдауға арналған үш автобус болған. Биыл оқушылар саны артты, тиісінше, автобустың саны да өсіп, жетеу болды. Жақында тағы біреуі

ҮЛКЕН БАЗАР КЕРЕК-АҚ

Жолда жергілікті жұртшылық жиі бас сұғатын шағын азық-түлік дүкеніне соқтым. Тауарлардың арасында күнделікті тұрмысқа қажетті заттардың бәрі тұр. Сатушылар бізбен сөйлесуге ұялды ма, сұрақтарымызды жауапсыз қалдырған соң, сатып алушы Қалима Белодерованы сөзге тарттым. Тұрғын алапта 52 жылдан бері өмір сүріп келе жатқан ол біраз жайтты баяндады.

– Маған қашанда қала маңындағы үйлер ұнайтын, мұнда ыңғайлы әрі жайлы. Бұрын тек төрт үй және бір балабақша әуежайға қарайтын. Жас мамандар да осында жіберілетін. Қазір балабақшаларда орын тапшылығына байланысты біраз қиындық бар. Мектеп жасына дейінгі балаларды қала орталығына тасуға тура келеді. Мектепте балалар шамадан тыс көп, бір сыныпта 30 бала оқиды. Медициналық қызметтерге





БИЫЛ АСТАНА SMART21 COMMUNITY OF 2023 INTELLIGENT COMMUNITY FORUM ЕҢ АҚЫЛДЫ ҚАЛАЛАРДЫҢ РЕЙТИНГІНДЕ 21 ҮЗДІК ҚАЛАЛАР ҚАТАРЫНА КІРДІ

ЦИФРЛЫҚ ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ АСТАНА

Елорданың «әлемнің цифрлық элита» қатарынан көрінуі үшін инновациялық даму қарқынын арттырып, оның деңгейін жоғарылату керек. Прогрессивті нарыққа инновацияны енгізудің мұндай жылдамдығы технологиялық прогрестің сәтті дамуының үлгісі бола алады. Цифрланған елордаға айналу үрдісі бірнеше санаттар бойынша жүзеге асырылып, сол арқылы ол қызметтердің бірнеше саласын қамтиды. Орталық Азияның цифрлық хабына айналу үшін Астанада қандай жұмыстар жүргізілуде?

Райхан РАХМЕТОВА

Астана қаласы Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Мейрамбек Әшірбеков алдымен қаладағы бейнебақылау жүйелерінің жағдайына тоқталды. Себебі қауіпсіздікті қамтамасыз ету – елорданың сәтті дамуының кепілі. Сондықтан қала әкімдігі бұған ерекше көңіл бөледі.

– Бүгінде елордада әртүрлі орындарда орнатылған 27 659 бейнекамера бар. Соның арқасында қылмыс пен әкімшілік құқықбұзушылық деңгейі төмендеп, жолкөлік оқиғалары кезінде болатын адам өлімі 48 пайызға азайды. Барлық камералар Астана қалалық полиция департаментінің жедел басқару орталығына шығарылғанын айта кету керек. Қоғамдық қауіпсіздік деңгейі бойынша көрсеткіштерді Сингапур, Дубай, Абу-Даби, Лондон сияқты қалалармен бірдей етіп арттыру көзделіп отыр, – дейді басқарма басшысы.

Цифрландырудың тағы бір маңызды саласы – процестерді автоматтандыру. Заманауи әлемде ұйымдардың бәрі өз саласында озық болу үшін біртіндеп цифрлық трансформацияға ұмтылуда.

Процестерді автоматтандыру компаниялардың тез өзгеріп жатқан нарыққа бейімделуіне және бәсекеге қабілетті болып қалуына ықпал етеді. Бүгінде елордада әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерінің 100 қызметін автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2027 жылға дейін туризм, білім беру, спорт, жер қатынастары, әлеуметтік қорғау және инвестиция саласында 500-ден астам қызметті автоматтандыру жоспарлануда.

«Smart Astana» мобильді қосымшасында шұғыл қызметтерден пуш-хабарлама алу, су тұтыну көрсеткіштерін беру, автобустар қозғалысын бақылау, сонымен қатар оқу және спорт мекемелері мен ұйымдары және басқа да сервис-тер туралы анықтамалық ақпарат алу қолжетімді. Қазіргі таңда қалада осы қосымша бойынша 60-тан астам сервис жұмыс істеп тұр. Ал қосымшаны жүктеп алушылар саны 300 мың адамнан асты. Бұл ретте бір айдағы белсенді қолданушылар саны 8-10 мың адамды құрайды.

– Астанада сонымен қатар БҰҰ тұрақты даму мақсаттары аясында белсенді жұмыстар жүргізіледі. Елорда үшін сондай маңызды қадамдардың бірі – халықаралық баға алу. Мәселен, биыл Астана Smart21 community of 2023 Intelligent Community Forum



«Smart Astana» мобильді қосымша бойынша 60-тан астам сервис жұмыс істеп тұр. Ал қосымшаны жүктеп алушылар саны 300 мың адамнан асты

ең ақылды қалалардың рейтингінде 21 үздік қалалар қатарына кірді. Сонымен бірге Smart Centres Index ақылды қалалар рейтингінде Мәскеу, Варшава және Римді басып озып, 64-орынға тұрақтады. Зерттеу тобы қаладағы инновацияны қолдау деңгейін жоғары бағалап, оған 650 балл берді, бұл балл Токио, Сеул, Пекин, Сиэтлге қарағанда жоғары. Соған қоса биыл «Қоғамдастықтарды тұрақты дамыту – қалалық қызметтер мен өмір сапасының көрсеткіші» ISO 37120 стандартын енгізу бойынша жұмыстар басталды. Бір айта кетерлігі, мұндай халықаралық стандарттар қалаларды тұрақты дамытуға бағытталған және өмір сапасын, басқару тиімділігін, қалалар-

дың дамуы мен тұрақтылық деңгейін анықтайды, – деп атап өтті Мейрамбек Әшірбеков.

Елорданы цифрландыру бойынша инновациялық экожүйені дамытудың да маңызы зор. Астанада инновациялық дамуға қолайлы жағдай жасалып, кәсіпкерлер мен стартаптарға қатты қолдау көрсетіледі. Сонымен қоса қалада түрлі IT-стартап бойынша жастардың өзара пікір мен идея алмасып, ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашатын іс-шаралар мен форумдар ұйымдастырылады. Жыл сайын ғылым мен технологияларға, инженерия мен математикаға қызығушылығы бар оқушылар мен студенттер үшін STEM-олимпиадалар өткізіледі. Бұл болашақ IT мамандарын қалыптастыруға септік етеді.

iKOMEX109 орталығы – ақылды қаланың ажырамас бөлігіне айналған қызмет, мұнда қала тұрғындарының қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етуге арналған қызметтердің кең ауқымды спектрі бар. Аталған қалалық орталық ашылып, жұмыс істегелі бергі кезеңде халықтан 11 млн-нан астам хабарлама, өтінім келіп түскен. Соның ішінде 81 пайызы бойынша мәселелер «бірінші қоңырау» кезінде-ақ қаралып, жүзеге асырылып жатады. Өткен жылы 13517 құқықбұзушылық анықталған. Биыл жыл басынан бері бұл статистика 14 мыңға дейін артқан.

iQala қызметі болса, бірыңғай терезе қағидаты бойынша тұрғын үй-коммуналдық сектор ұйымдарының қызметтерін ұсынады. Астаналық iQala – еліміздегі бірегей қызмет түрі. Оны үлгі етіп, еліміздің өңірлерінде «Коммуналдық ХҚКО» ашыла бастады. Орталық жұмысы басталғаннан бергі уақытта 150 түрлі қызмет жүзеге асырылып, 550 мыңнан астам қызмет көрсетілген.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ГАЗҒА КӨШІРІЛУДЕ

Өткен жылдың басынан бері елордада барлығы 18 әлеуметтік нысан газға ауыстырылды. Биыл жыл соңына дейін «Теміржолшылар» тұрғын алабындағы блок-модуль қазандығын, сондай-ақ «Көктал-1» тұрғын алабындағы тамақ өндірісінің технологиясы мен стандарттау экономикасы колледжін газға ауыстыру жоспарлануда.



Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, бұл әлеуметтік нысандардың қатарында балабақшалар, мектептер, медициналық нысандар, театр, әлеуметтік қызмет көрсету орталығы және тұрғын үй алаптарындағы бірқатар қазандықтар бар. Әлеуметтік нысандарды дизель отынынан газға ауыстыру бюджет қаражатын жүздеген миллион теңге көлемінде үнемдеуге мүмкіндік берді.

Ал жеке тұлғаларға келсек, алдағы жылы 300 мыңға жуық астаналық газбен қамтылады. Елордада газ тарату желілерінің құрылысы үш кезекке бөлінген. 2021 жылы бірінші кезектің құрылысы, сондай-ақ ішінара газдандырудың екінші кезегі бойынша жұмыстар аяқталды. Жұмыстың қалған 2 және 3-кезектері бойынша жұмыстар республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен 2022-2024 жылдарға жоспарланған.



«STOP ЖЕМҚОРЛЫҚ» ФУНКЦИЯСЫ ЕНГІЗІЛДІ

Қалалық Цифрландыру басқармасы Астана қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департаментімен бірлесе Smart Astana қосымшасына «Stop жемқорлық» функциясын енгізді.



Жаңа функция арқылы жемқорлық фактілерін азайтуға үлес қоса аласыз. «Жемқорлық бойынша шағымдану» – арнайы белгіленген жерге сізден кімнің не талап еткенін, оқиғаның қай ауданда болғанын және қандай салада екенін белгілеп жолдайсыз. «Жемқорлық бойынша арыздану» – бұл жерде арыз үлгісі беріледі, толтырып көрсетілген жерге жүктеп жібересіз. «Call-ор-

талық 1424» функциясы арқылы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің call-орталығына қоңырау шала аласыз. Мобильді қосымша арқылы келіп түскен деректер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментіне жіберіледі. Smart Astana мобильді қосымшасы Play market, Google market және iOS платформаларында қолжетімді.



АНАЛАРМЕН СЫР-СҰХБАТ

Астанада көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шахановпен бірнеше кездесу өтті. Ақын алдымен «Бақытты отбасы» орталығында ардагерлермен, көпбалалы аналармен жүздесті. Ал «Қаламгерлер» аллеясында «Ақындығын азаматтығы, азаматтығын ақындығы көтерген...» кеші мен «Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала» кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

ШАХАНОВ ШУАҒЫ

Орталықта өткен кездесуде аталмыш мекеме жетекшісі Бірза Тұрсынзада осындағы жұмыс бағыттарымен таныстырды. «Бұл – көпбалалы аналардың алтын ұясы деп қабыл алыңыздар. Мұнда бүкіл бала-шағамызбен, ежелеріміз, келіндеріміз, қыздарымыз ұлттық өнердің он алты бағытында еңбек етіп жатырмыз. Мұхтар ағамыз әйел жайлы, қазақтың қызы туралы, қазақтың анасы жайлы талай туынды жазды. Сондықтан ақын Астанаға келеді дегенді естігенде «біздің аналарымыздың алдына алып келіңіздерші» деген өтініш айттық. Ер-азаматтың ар намысы, жалауы – әйел. Бұл орталықта тігін технологиясын үйрету ғана емес, ұлттық болмысты, қырық шырақты қазақ әйелінің қасиеттерін жаңғырту» деген ол өтініш жерде қалдырылмағаны үшін алғыс айтты.

Кездесуді ардагер журналист Қарлығаш Бәкенқызы жүргізді. Жас ақын Данияр Алдабергенов арнау айтты. Қоғам қайраткері Зәуреш Батталова Мұхтар Шахановтың ұлт ұпайын

түгендеудегі еңбегіне тоқталды. Ақынның өзі әңгімесін шындық туралы өлеңімен бастады.

«Кезінде Гитлерден шығыстағы елдерді жаулап алуға қандай саясат қолданамыз деп сұраған. Сонда ол: «оларға ертеден кешке дейін жеңіл музыка тыңдатып, кітап оқуға, ойнауға мүмкіндік бермеу керек. Адам рухани жағынан неғұрлым саяз болса, соғұрлым өзін бақытсыз сезінеді» деген. Оның айтқаны қазір бүкіл дүние жүзінде орындалды. Мен өмір бойы шындық үшін күресіп келе жатырмын. Шындық биігінен көріне алмаған еркекті еркек, әйелді әйел деп есептеймін» деген ақын поэзия туралы ойын айтты.

«Поэзия дегеніміз – әлемдік деңгейде ешкім айтпаған жаңалықтарды айту» деді ол. Достық туралы пікірін айта келе, «Аға досым Шыңғыс Айтматов өмірден өткенде өзімді жалғыз қалғанды сезіндім» деді.

Жиынға қатысқандар ақынмен бұдан бұрынғы кездесу сәттерінен естеліктер айтып, өлеңдерін оқыды, сұрақтарын қойды. Мұхтар Шаханов «Төрт ана» атты өлеңін 15 жасында жазғанын, бұл өлең әлемнің көптеген тілдеріне аударылғанын айтып, осы жырын оқып берді. Пернеш Дүй-

семұратқызы деген оқырман ақын бір жылдары Түркістан қаласына келіп, кездесу өткізгенде қазақ әйелі қай жағдайда да ері мен отбасына берік болып қалатынын айтқанын еске алды. «Отбасы болған соң, ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Сол кезде Мұхтар ағаның осы нақыл сөзі еске түседі» деді ол. Әсем деген көпбалалы ана Мұхтар Шахановтың өлеңдерімен балаларын тәрбиелеп отырғанын, соның ішінде «Жігіттің екі сипаты», «Жігерлендіру» атты жырларын ұлы Әлиханға жаттатқанын жеткізіп, ақынның «Өзен» атты өлеңін оқып берді. Кездесу ақынның батасымен аяқталды.

«ҚАЛАМГЕРЛЕР» АЛЛЕЯСЫНДАҒЫ ҚҰРМЕТ

«Қаламгерлер» аллеясындағы «Ақындығын азаматтығы, азаматтығын ақындығы көтерген...» кеші мен «Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала» кітап көрмесін Астана қаласы әкімдігінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесі ұйымдастырды. «Алаш қайраткерлері» ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен басталған бұл кездесуді белгілі ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Жазушылар



Сұлтан СЕЙІТ

одағының Астана қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Көпұлы ашты. Кездесу барысында оқушылар мен студенттер, ақынның оқырмандары өлеңдерін оқып, әндерін шырқады. Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының әншісі, Мәдениет саласының үздігі Нұрай Танабаев Мұхтар Шахановтың өлеңіне жазылған Шәмші Қалдаяқовтың «Ақ бантик» әнін әуелетті. Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева ақынның иығына қазақы дәстүрмен шапан жапты. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» дегендей, шара соңында Мұхтар Шаханов ағаш екті. Соның белгісіндей арнайы тақта қойылды.

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ЗАҢ КЕРЕК



11 қазанда Астанада «Отандастар» форумы өтеді. Форумға тек этникалық қазақтар ғана емес, сондай-ақ Қазақстанда кіндік қаны тамған азаматтар мен олардың ұрпақтарын қамтыған 300-ден артық қонақ шақырылған. Олардың қатарында қазақ мәдени ұйымдарының басшылары мен белсенділері, саясат, мәдениет, ғылым, білім, медиа, бизнес саласының өкілдері бар. Біз осы форум қарсаңында «Отандастар қоры» KE АҚ президенті Абзал Сапарбекұлымен шағын сұхбат өткізіп, форумның мән-мақсаты туралы сұрап білдік.

– Абзал Сапарбекұлы, «Отандастар» форумы қандай мақсатта өткізілгелі отыр?

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2023 жылы Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда «Шетелдегі қандастарымызбен тығыз қарым-қатынас орнатып, рухани байланысты нығайта береміз. Бұл мәселе – менің жеке назарымда» деген сөзі еліміздің шетелдегі отандастармен, қандастармен болған байланысын нығайтуға баса назар аударып отырғанын айғақтайды. «Отандастар қоры» KE АҚ 2018 жылы өз жұмысын бастаған болатын. Әлемдегі қазақтармен тығыз байланыс орнатып, олардың қазақ елімен болған қарым-қатынасын нығайту мақсатында құрылған бұл ұйым 2019 жылы алғаш рет «Отандастар» форумын өткізген болатын. Оған 100-ге жуық делегат қатысса, бұл жолы келетін қонақтарымыздың саны 300-ден асады. Форумның мақсаты – шетелдегі қазақ ұйымдарымен ынтымақтастықты талқылау; еліміздің жаңа кезеңдегі мемлекеттік саясат пен саяси-экономикалық реформаларымен, сондай-ақ ұлттық руханиятқа қатысты заманауи трендтермен таныстыру; шетелдегі қазақтарды қолдауда Қазақстанның жүргізіп отырған саясаты; шетелдегі қазақ жастарына Қазақстанда сапалы білім алуда және өз қабілеттерін іске асыруда, сондай-ақ елге көшіп келетін қандастарға мемлекет тарапынан қабылданып жатқан қолдау шаралары туралы ақпараттандыру. Шараға Қазақстанның елі ішіндегі мемлекет қайраткерлері, депутаттар, ұлт мәселесіне баса назар аударып жүрген, шетелдегі қазақтармен жиі қарым-қатынас орнатып, олардың талап-тілектерін білікке жеткізуге күш салып жүрген азаматтар қатысады. Сондай-ақ шетелден көшіп келген ақын-жазушы, ғалымдар да осы шараның басы-қасында болады.

– Форум аясында қандай шаралар өткізу жоспарланып отыр?

– Іс-шара семинар-форум форматында өткізіліп, шет елдердегі қандастарға креативтік индустрия, медиа, мәдениет, кәсіпкерлік салаларындағы тың трендтер, еліміздің инвестициялық ахуалы мен соны бастамалары таныстырылады. Шет елдердегі қазақ ұйымдарының басшылары мен отандық түрлі сала өкілдері бір алаңда кездесіп, бір-бірімен байланыс орнатуына, тәжірибе алмасуына жағдай жасалады. Шара аясында ел дамуында қандастардың рөлі, отандастардың интеллектуалдық әлеуеті – ұлттық құндылықтарды ілгерілету драйвері, XXI ғасырдағы қазақ тілі және бүгінгі мүмкіндіктері, Медиа және заманауи трендтер тақырыптары бойынша баияндамалар жасалып, талқылау өткізіледі. Сондай-ақ «Отандастар қоры» KE АҚ жаңа жобаларының

тұсаукесері өтеді. Яғни «Ұлы дала» жобасы аясында 11 кітаптың тұсауы кесілмек.

Жалпы қонақтарымыз өте ынталы. Пандемия кезінде жол жабылып, елге келе алмай қалған қандастарымыздың елді сағынып қалғаны көрініп тұр. Жол шығындарын өздері көтеретініне қарамастан форумға келуге аса белсенділік танытып жатыр.

– Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы неге ескерусіз қалды? «Отандастар форумы» «құрылтайдың» орнын басып бара жатқан жоқ па? Өйткені 5 жылда бір өтетін құрылтайдың өтпегеніне биыл, міне, 6 жылға аяқ басып барады.

– «Отандастар форумы» мен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы – екеуі екі бөлек жоба. Форумды «Отандастар қоры» ұйымдастырып өткізе, құрылтайды Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы ұйымдастырып өткізіп келеді. «Отандастар форумы» өткен жылы өтуі керек еді. Алайда еліміздегі саяси науқандардың көптігіне байланысты биылға шегерілді.

– Биыл «Отандастар қоры» шетелде қандай шаралар өткізді?

– Биыл Германияның Кельн қаласына Еуропа қазақтарының кіші құрылтайы өтті. Біз осы құрылтайдың өтуіне қолдау көрсеттік. Бұл құрылтайға Қазақстаннан да қолөнер шеберлерін, ұлттық спорт ұйымдарының өкілдерін қамтыған көптеген қонақтар барып, қазақтар Германия елінде қауышты. Сондай-ақ маусым айында Ресейдің Мәскеу қаласында Ресей қазақ ұйымдары белсенділерінің басқосуы өтті. Бұл елде 1998 жылдан бері мұндай ауқымды шара өтпеген екен. Шілде айында Моңғолияда кіші құрылтай болды. Ел астанасы Ұлан-батырдан бастау алған бұл басқосу да өте жоғары деңгейде өтті. Енді алдағы уақытта Қытайда шығармашылық форматта іс-шаралар өткізсек деген ойдамыз.

– «Отандастар қорының» жұмысын әлі де жетілдіре түсу үшін тағы қандай жұмыстар атқарылуы керек деп ойлайсыз?

– Еліміздің кейбір заңдарында шетелдегі қазақтарды қолдау бойынша бірқатар баптар, тармақтар енгізілген. Бірақ шетелдегі қазақтармен болған байланысты біріздендіру үшін шетелдегі қазақ диаспораларына қатысты жұмыс жасауымызға аса тиімді болар еді. Осыдан бұрын Үкіметтің этникалық қазақтарды қолдауға байланысты іс-шаралар жоспары қабылданған болатын, оның 2022 жылы мерзімі бітті. Қазіргі таңда жаңа іс-шаралар жоспары қарастырылу үстінде, биыл жыл соңына дейін қабылданады деген ойдамыз.

Сұхбаттасқан
Қаликабар ҮСЕМХАНҰЛЫ

ҰЛТТЫҚ ПОШТАҒА – 30 ЖЫЛ

Бүгінгі таңда қазақстандық пошта ірі заманауи компанияға айналды. Қазақстанның бәсекелестік нарығына және халықаралық пошта қауымдастығына интеграцияланды. Қазпошта Дүниежүзілік пошта Одағында, PostEurop Еуропаның мемлекеттік пошта операторлары қауымдастығында, байланыс саласындағы өңірлік достастықта, ірі қазақстандық және халықаралық компанияларда паритетті серіктес болды. Visa, Mastercard халықаралық төлем жүйелерімен, қазақстандық банктермен және қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық белсенді дамып келеді.

Қазақстандық поштаның терең тарихи тамыры, ғасырлық дәстүрлері бар. Пошта желісі – бизнес пен халық үшін электрондық сауданы, көлік-логистикалық сервисті, пошталық, курьерлік, қаржылық қызметтерді ілгерілетудің тиімді құралы.

Ұлттық поштаның өндірістік желісінде «Астана поштамты», «Алматы поштамты», «Шымкент поштамты» секілді республикалық маңызы бар 3 филиал, 14 облыстық және 7 мамандандырылған филиал бар.

Пошта байланысының 2940 бөлімшесі жұмыс істейді, оның 196-сы серіктестік моделі бойынша 100% халықты қамтиды. 9 халықаралық пошта алмасу орны, 3 фулфилмент орталығы

(Астана, Алматы, Ақтөбе), 1 Бонд қоймасы, «Қазпошт» ЖШҚ («Kazpost» GmbH) ГФР шетелде алмасу орны бар. Қазақстанға пошта жөнелтілудің (сәлем-демелерді, шағын пакеттерді) жинау, өңдеу және жөнелту бойынша пошта қызметтерін көрсетеді.

Ұлттық пошта EMS-Kazpost (курьерлік жеткізу), Республикалық арнайы байланыс қызметінің қызметтері, пошта-жинақ жүйесі, post.kz гипермаркет қызметтері, цифрлық кеңселер, электрондық сауда орталықтары, 24/7 тәулік бойы жұмыс істейтін бөлімшелер, пакеттік супермаркет, корпоративтік банкинг, мемлекеттік және агенттік қызметтер жобаларын жүзеге асырып келеді.



ХАТ-ХАБАР ТАСУШЫ

«Мен жақсы хабар жеткіземін» дейді «Қазпошта» акционерлік қоғамның пошташысы Айман Досымбекова. «Қазпоштаға» күніне орта есеппен 120 мыңдай түрлі-түрлі сәлемдеме келіп түседі екен. Айман да сан түрлі хабарлама, хаттар, пошта жөнелтілімдерінің 60-тан астамын күнделікті сұрыптап, иелеріне табыс етуге асығады.

Айгүл УАЙС

Адам баласы жаратылғалы аса қажетті нәрсенің бір-бірімен хабар алмасу болып табылады. Сол хабарды жеткізудің де түрлі тәсілдерін ойлап тапты. Елді мекеннің шетіндегі төбенің басына от жағып та хабар беріп отырды. Кейініректе олардың орнын жаушылар басты. Суыт жортқан жаушылар сәлемдемені тиісті адамға ауызша жеткізген. Кейінірек қала мен даланың арасында атшабарлар да осы іспен айналысты. Бір қызығы, пошта «mansio rozita» деген латын сөзінен шыққан екен. Қай тілде айтылса да, бірден түсінетін «пошта» деген ұғымды білдіреді. Жалпы қай елде болмасын пошта желісі бизнес және халық үшін электрондық сауданы, көлік-логистикалық сервисті, қаржылық қызметтерді алға жылжыту үшін тиімді құрал болып табылады.

Айман Досымбекова 1999 жылдан бері астаналық пошта қызметінде жұмыс істейді. Ширек ғасыр бойына осы саланың барлық қыр-сырын түсініп, осы кезеңдегі даму үдерісі де көз алдынан өтті. Өзі де, отбасылы, балалы болып бірге өсті деуге болады.

Айман сияқты барлық пошташылардың жұмысы таңғы 4-тен басталады. Кеңсеге келе сала өз міндетіне кіретін мекемелер мен сол мекенжайдың тұрғындарының атына келіп түскен хат-хабарларды сұрыптайды. Оларды рет-ретімен буып-түйіп, қандай ұжымға, кімге келгенін оның мекенжайын анықтап жазып алып, арнайы қапшыққа салып, жолға шығады. Тура таңғы сағат жеті жарымда көлік күтіп тұрады. Хат тарату түске дейін созылады. Сонымен барлық хат иелеріне табыстап болып, жұмыс орнына оралып, атқарылған жұмыстың есебін жазып өткізеді. Одан кейін қолы бос. Жұмыстан соң екінші сыныпта оқитын ұлын мектептен алып, үй шаруасының тірлігіне кірседі. Күйеуі де осы мекемеде жүргізуші-инкасатор болып жұмыс істейді. Екеуі



бірге шаңырақ көтеріп балалы болды. Екі қызын ұзатты, олардан кейінгі қызы Сәгпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде, тағы бір ұлы Көкшетауда оқып жүр.

Жақында өздерінде де қуанышты жағдай болғалы тұр. Астананың іргесіндегі Талапкер ауылынан жер алып, жаңадан тұрғын үй бітуге тау. Қоныс тойы да алыс емес.

Астанада тұрғанымызға да ширек ғасыр болса да ағайындарымыздың ортасында болғанды қаладық. Талапкерде 85 жастағы анам тұрады. Он жанды біздің әулеттің өзінен апайым мен сіңілім де осы пошта қызметінде жүр. Бәріміз жұмысымызды өз дәрежесінде орындаймыз. Кейде бір жағдайлармен хат тарата алмасам, іздеп мені сұрастырып жатады. Байқағаным, қазіргі адамдар электронды поштадан гөрі нақты пошта арқылы келетін хат-хабарға қуанып қалатын сияқты. Адамдар үшін ішін ашып не жазылғанын білудің өзіндік қуанышы бар сияқты. Бұл ересектер үшін бұрынғы кездегі хат алысып хат жазысуды еске түсірсе, қазіргі

жағдайда да байланыстың осы түрін сағынатын болар, – деп сыр тартты пошташы. Қызметтің талабына қарай, кейбір хаттарды хатшыларға немесе кезекшілерге емес, тек иесіне қолма-қол тапсыратын түрлері болады. Үлкен шенді қызметшілердің де есігін емін-еркін ашып, хатын өткізесіз. Менің көңілімнен шығатыны, пошта қызметкерлеріне ғана емес, жалпы адамдарға деген қарым-қатынастың мәдениетін байқаймын. Қала көшелеріне таң азанымен хатымызды жеткізуге асығып бара жатқанда, жол бойындағы биік зәулім ғимараттардың ішіндегі биік кабинеттерде сондай ілтипатты адамдарға қызмет ететіндіміз біліп, шұғыл хабарларды тез жеткізуге тырысамын. Дәл осындай жылылықты тұрғындардан да байқаймыз. Тосыннан келген хат-хабарға олар да қуанып жатады. Соларға қарап, біздің қызметіміздің маңызды әрі керек мамандық екеніне көзіміз жетіп, марқайып қаламын, – деп сөзін аяқтады пошташы. Жылы жүзді, ашық мінезді Айман біздерді де қуантты.

Астана қаласының Полиция департаментінде әулет сабақтастығын жалғастырып, жемісті қызмет етіп жүрген жандар жеткілікті. Бүкіл саналы ғұмырын ішкі істер органдарына арнаған ардагерлердің балалары да бүгінде мұндағы түрлі бөлімдерде жұмыс істейді. Ұрпақ сабақтастығы қай кезде де ерекше құрметтелген. Аға буынның орнын басқан жас буынның тәжірибе жинауда да мүмкіндігі зор.



ӘКЕ ЖОЛЫН ҚУҒАН ҰЛ

Өйткені олар бұл қызметтің қыры мен сырын бала кезінен көріп, біліп өсті. Сондықтан белгілі бір ойлау тәсілі мен мінез-құлқында алдыңғы буын ағалармен ұқсастық болатыны – заңдылық. Азаматтардың қауіпсіздігі жолында жанқиярлық пен қызметтік борышын мінсіз атқару – бүгінгі полиция қызметкерлеріне тән қасиет. Өмірінің көп бөлігін осы кәсіпке арнаған әке өзінің жолын ұлының таңдағанына дән риза.

Осындай үлгілі отбасының бірі – Біртаевтар әулеті. Сонау 1989 жылы Талғат Рахымбекұлы Біртаев ішкі істер органдарына қызметке келді. Өзі қызмет еткен жылдары ол патрульдік қызметте сержант шенінен Жезқазған қаласы Арнайы мамандандырылған күзет қызметі басқармасының бастығы лауазымына дейін өсіп, полиция полковнигі дәрежесіне дейін көтерілді.

Араға жылдар салып, әкесінің жолын ұлы Біркен Біртаев жалғайды. Ол Ішкі істер органдарындағы қызметін Дипломатиялық өкілдіктерді қорғау полкінен бастады. 2016 жылы Сарыарқа аудандық қылмыстық полиция бөлімінде қызмет істеп, екі жылдан кейін аға жедел уәкіл болды. 2022 жылы Сарыарқа ауданы жанындағы ПБ қылмыстық полиция бөлімі бастығының

орынбасары қызметіне тағайындалды.

Біркеннің атсалысуымен «ізі суымай» ашылған қылмыстардың саны аз емес. Еңбегі еленіп, басшылық тарапынан бірнеше рет мақтау қағаздары мен алғыс хаттарға ие болған.

2018 жылдың мамыр айы болатын. Пәтерлердің кілттерін сәйкестендіріп алып, Алматы, Сарыарқа аудандарында үй тонаумен айналысып жүрген әккі ұрыларды қолға түсірді. Бұл жолы олар қанша кәсіпке ие болса да капитан Біркен жетекшілік ететін криминалды полиция жасағынан айдалып асыра алмады. Бөгенбай батыр даңғылы бойындағы №24 үйді үтпей үлгермеді, ауласында құрықтады. Осы жолы бұлардың қырағы көзінен қылмыс әлемінде «Фара-қайық» лақап атымен танылған Фархат Қанағатов пен бұған дейін бірнеше ауыр қылмыстар жасап, халықаралық іздеуде жүрген Бақыт Арыстанов деген ұры тұтқындалды. Оның айлакерлігі сондай өзіне қатты ұқсас адамның куәлігімен бірнеше жыл бойы бой тасалап, қолға түспей келген.

Міне, осындай ыждаһатты қимылы мен білікті тәжірибесі арқасында ол қылмыстың тез ашылуына барынша атсалысып, әріптестері арасында сый-құрметке бөленіп жүр.

– Мен бала жастан полиция болуды қаладым. Оған себеп болған әкемің осы салада еңбек етіп, күнде көз алдымда қоғамдық тәртіпті қадағалауға белсене атсалысып, елмен, халықпен тығыз араласып жүргені болса керек. Әсіресе, оның үстіне оқалы киім киіп, жып-жинақы күйінде таңертең қызметке кетіп бара жататыны ұнайтын. Полицияға тәртіп те, әдеп те, жинақылық та үнемі керек қой. Содан мен де осы жолды, осы мамандықты таңдадым, – дейді Біркен Талғатұлы.

Кейіпкеріміз үшін полиция қызметі мен спортты бөліп қарауға болмайды. Ол бірнеше рет республикалық футбол турнирлерінде елордалық департаменттің намысын қорғады. Оның ойынша, денесі шыныққан, моральдық тұрғыда берік, ерік-жігері мықты полиция қызметкері ғана жүктелген міндеттерді өз деңгейінде атқара алады.

«Спортпен шұғылданду кезінде мен үнемі жағымды әсер мен жаңа қуат аламын» дейді полиция қызметкері.

Біз де әке жолын қуған ұлдың өмірінде де, спортта да зор жетістіктерге жете береріне сенімдіміз.

Эльмира
ШАУЛЕНОВА,
Астана қаласы
Полиция
департаменті
баспасөз қызметінің
жетекшісі

ОЛЖАМЕН ОРАЛДЫ

Талдықорған қаласында өткен Қазақстанның халық әртісі, КСРО және Қазақстанның Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Бикен Римованың 100 жылдық мерейтойына арналған «Вiken» I халықаралық театр фестиваліне қатысқан Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры олжасыз қалмады.



Астаналық өнер ұжымы аталмыш фестивалге АЛЖИР құрбандарының рухына арналған «Шанель №5» драмасын ұсынды. Мәдина Омарованың қаламынан туған бұл туындының қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров.

Спектакльде әдебиет, мәдениетте өшпес із қалдырған асыл азаматтарымыздың жарлары Гүлжамал Майлина, Дәмеш Ермекова – Жүргенова, Гүлбахрам Сейфуллина, Айша Құлымбетова, Күләндам Қожанова секілді, т.б. кейіпкерлердің бейнесі енгізілген. Бұл – Бейімбет Майлин, Темірбек Жүргенов, Сәкен Сейфуллин, Ұзақбай Құлымбетов, Сұлтанбек Қожанов сынды қуғын-сүргінге ұшыраған асылдарымыздың қосақтары.

Бикен Римова мерейтойына арналған фестивалде осы спектакльде Жанбике

Шанинаның (қазақтың тұңғыш кәсіби театр режиссері Жұмат Шаниннің зайыбы) бейнесін сомдаған Шынар Қалдыбай «Ең үздік әйел адам бейнесі» аталымында топ жарды. Сондай-ақ Музыкалық жас көрермен театры ұжымы «Түрксой» халықаралық ұйымының дипломымен марапатталды.

Ақтөбеден осы театрға қатысты тағы бір сүйінші жаңалық келіп жетті. Аталмыш театрдың белді актері Сұлтан Кеңшілік «Аймақты әнмен тербетіп...» атты XXV республикалық өнер бәйгесінде эстрадалық ән жанры бойынша бас жүлдені иеленді.

Музыкалық жас көрермен театры осы айдың аяғына дейін еліміздің оңтүстік өңірінде гастрольде жүр. Талдықорған қаласынан кейін өнер ұжымы Алматы, Тараз және Шымкент қалаларында өнер көрсетеді.

Бетті дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ



ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Руханият» мекемесі мен Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының «Тіл – ұлттың жаны» семинар-форумы жалғасып жатыр.

Астаналық қалагерлердің жастармен кезекті кездесуі Амангелді Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында өтті. Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Көпұлы бастаған ақындар Ерғожа Тілепбердиев, Мақпал Мыса, Мирас Асан, т.б. қалагерлер мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, ана тілін қадірлеу төңірегінде жастармен ой бөлісті.

Ал Л.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университетінің колледжіндегі кездесуге Жылқыбай Жағыпарұлы, Ерғазы Манапұлы, Толқын Қабылша, Құралай Омар, Назгүл Бердіқожа, Олжас Сәндібек, Серікбай Әбілмәжін, Мақсат Ізімұлы, Елжан Сейтенұлы, Нұрлан Қабдай, Рахат Әбдірахман қатысып, тіл туралы толғаныстарын жеткізді. Арындап өлең оқыды. Қазақ тілінің мәртебесі, қолданыс аясы жөнінде қалагерлердің ой-пікірлері тұшымды әрі шынайы шықты.



ҰЛТТЫҚ БАЛЕТТІ ҰСЫНДЫ

Кеше «Астана Балет» театрында жаңа XI маусымының алғашқы премьерасы өтті. Бұл жолғы қойылымның жөні бөлек. Себебі жұрт назарына ұлттық балет ұсынылды. «От қыз» атты екі актілі ертегі либреттосының авторы – Бақыт Қайырбеков. Қоюшы балетмейстер – Мукарам Авахри. Композитор – Карина Абдуллина. Суретші сценограф, костюм суретшісі – Әйгерім Алтыбасарова.

Аталмыш қойылым мифологиялық сюжетке құрылған. Оқиға желісі бойынша Мерген есімді аңшы өзінің қайсарлығын таныту үшін Күнді садақпен атып түсіріп, соның салдарынан күллі әлемде қараңғы түнек орнап, ақырған аяз басады. Мергеннің алаңғасарлығынан ел зардап шегеді. От қыз Мергеннің жүрегін жібіткеннен кейін ол қателігін түсінеді. Екеуінің арасында жылы сезім орнап, спектакль қуанышты

нотада аяқталады.

Балет адамзат пен табиғат арасында тепе-теңдік сақталу керек деген ойға жетелейді. Яғни, қоршаған ортаны қорғап, аялау керек деген қазір өзекті мәселені көтереді. Қойылымда жыл мезгілдеріне де ерекше орын берілген. Қыс – қыстау, жаз – жайлау секілді қазаққа жақын ұғымдар көрініс береді. От қыздың өзі көк шөп бейнесінде көрінеді. Спектакль, негізінен, балаларға

арналған. Бірақ ересек адамдарды да қызықтырады.

Актерлерге тоқталсақ, қойылымға әдеттегідей екі құрам тартылған. Бас кейіпкерлер От қызды Анар Дүкеева мен Назерке Аймұхамедова, Мергенді Ерқанат Ермағамбетов пен Сүндет Сұлтанов сомдайды. Сондай-ақ спектакльде Айсұлу, Күнсұлу, Айдаһар, Көк тәңірі сияқты кейіпкерлер бар. Ертегіні бүгін де тамашалауға болады.

ЖАҢА МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

Астана қаласы әкімдігіне қарасты «Наз» мемлекеттік би театрының XXIV маусымы «Асыл мұрам – ұлттық би» атты концерттік бағдарламамен ашылды. Кеш барысында театр репертуарындағы ең үздік билер биленіп, өнер ұжымы әншілері авторлық әндерін шырқады.

Жуырда театр ұжымы Испанияның Дения қаласында өткен XXX халықаралық фольклорлық би фестиваліне қатысты. «Хуан Наварро» фольклорлық ассоциациясы ұйымдастырған фестивалде 75 минут өнер көрсеткен «Наз» би театры испандықтардың ықыласы ерекше болды. Театр ұжымы сонымен қатар Каласпара, Лорка, Уррегчу қалаларында өнер көрсетті. Барлық концерттік нөмірді Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының «Қорқыт» этно-ансамблі сүйемелдеді. Жаңа маусымның ашылуы барысында Испанияға барған әртістерге алғыс хаттар тапсырылды. «Наз» мемлекеттік би театрының директоры Еркебұлан



Ағымбаев биыл аталмыш өнер ұжымы гимнатына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, театр жаңарып,

жасанып қалғанын айта келе, сол үшін қала әкімдігі мен қала мәслихатына алғыс айтты.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

ТҮЙМЕ ҚЫЗ
7, 8 қазан 16:00
Қуыршақ театры

ӨМІР
7 қазан 19:00
Жастар театры

ҮЙЛЕНУ
7 қазан 18:00
Қуанышбаев театры



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №119

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА